

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2023. № 26 (3)

Редакция

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)
E-mail: kabulzia@rambler.ru Тел.: +77014070164
Профиль сілтемесі: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Редакциялық алқа

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Әлімбай Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, эксперименталды археология ғылыми-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкері, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Margulan Centre, «YMAI» Халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшесі (Қазақстан – Украина); ORCID

Көмеков Болат Ешимхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Қушқұмбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропологи (Токио, Жапония);

Оутрам Алан, археология ғылымдарының докторы, профессор, археология және тарих департаменті, Эксетер университеті (Эксетер, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Өмер Құл, элеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); ORCID

Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); Scopus Author ID: 55124700300

Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар

Зікірбаева В.С.

Редакция

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан). E-mail: kabulzia@rambler.ru; Scopus Author ID: 56195670100; ORCID.

Члены редакционной коллегии

Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Ажигали Серик Ескендерович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Исмагулов Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, научный сотрудник Научно-исследовательской лаборатории экспериментальной археологии, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, Margulan Centre, заведующая Международной научно-исследовательской лабораторией «YMAI» (Казахстан – Украина); ORCID

Кумеков Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Кушкумбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муктар Абильсеит Капизович, Директор РГКП «Государственного историко-культурного музей-заповедник «Сарайшык», доктор исторических наук, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); ORCID

Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);

Оутрам Алан, доктор археологии, профессор департамента археологии и истории университета Эксетер (г. Эксетер, Великобритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300

Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

Научные редакторы

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева В.С.

Editorial Team

Editor-in-Chief

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan) E-mail: kabulzia@rambler.ru
Profile link: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Krupa Tatiana Nikolaevna, Researcher at the Research Laboratory of Experimental Archaeology, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Margulan Centre, Head of the International Research Laboratory "YMAI" (Kazakhstan – Ukraine); ORCID

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Muktar Abilseit Kapizovich, Director of the State Historical and Cultural Museum-preserve “Saraishyq” - Doctor of Historical Sciences, Professor: Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); ORCID

Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);

Outram Alan, Doctor of archeology, professor, Department of Archaeology and History, University of Exeter (Exeter, UK); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); Scopus Author ID: 55124700300

Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Vuilllemenot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Executive Editor

Mukanova Gyulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Zikirbayeva V.S.



ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhу
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 3, pp. 479-494, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>


FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.00
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_3_479-494

**ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСІ**

Байдалы Рауан Жомартұлы¹, Құдайбергенова Айжамал Ибрагимовна²


¹А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті (47-үй, Байтұрсынов көш., 110000, Қостанай, Қазақстан)

PhD доктор, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі

 <https://orcid.org/0000-0001-9357-3876> E-mail: rbaidali@mail.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан)

т.ғ.д., доцент, бас ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0002-9918-385X> E-mail: akudaybergen@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Байдалы Р.Ж., Құдайбергенова А.И., 2023

Андатпа. *Kіріспе.* 1921-1923 жылдардағы Қазақ жеріндегі ашаршылық Қазақстан тарихы ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі. 100 жылдан аса уақыт өтсе де әлі күнге дейін оның себептері мен зардаптары толық ашыады. Соның ішінде өңірлердегі ашаршылықтың тарихын жан-жақты зерделеу маңызды. *Зерттеудің мақсаты – тың деректер мен соны зерттеулердің негізінде* орталық және жергілікті билік органдарының Қазақстандағы 1921-1923 жылдардағы аштықпен күресі тарихының кемшін тұстарын ашу. Бұл мақсатқа жету үшін Қазақстандағы азаматтық қарсыласу мен Кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы елдегі саяси, экономикалық жағдайларды ерекшелігін ескере отырып, ашаршылықтың себептерін, оған қарсы күрестегі орталық және жергілікті билік органдарының күресі, қоғамдық және шетелдік ұйымдардың қызметі, ашаршылық босқындары, балалар өлім-жітімінің көбеюін мәселелерін ашып көрсету сияқты міндеттер қойылды. *Нәтижелер:* Мақалада ашаршылықтың себептері, ашаршылықпен күресетін комиссиялардың Қазақстандағы аштық шарпыған губерниялар мен уездердегі қызметі, ашыққандарды тамақтандыратын асханалардың жұмысы қарастырылады. *Қорытынды:* Қазақстанның бес губерниясы мен бір уезіндегі ашыққандардың саны шамамен 2,6 миллионнан асқан. Ресейдің аштыққа ұшыраған өңірлерінен қазақ жеріне ағылған босқындар, ата-анасынан айырылған, қараусыз қалған балалар, эпидемиялық аурулар әсіресе қазақ ұлтына демографиялық апат әкелді.

Түйін сөздер: Азамат соғысы, Кеңес үкіметі, губерния, уездер, жұт, 1921-1923 жж. ашаршылық, Ашыққандарға көмек беру бойынша губерниялық комиссия (Губкомпомгол), Америкалық көмек ұйымы (АРА), босқындар.

Алғыс айту: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен «1921-1922 жылдардағы Қазақстандағы жаппай ашаршылық және оның салдарлары (жаңа архивтік және жазбаша дереккөздер негізінде)» атты жоба аясында дайындалды (тіркеу нөмірі АР09259227)


Дәйексөз үшін: Байдалы Р.Ж., Құдайбергенова А.И. Орталық және жергілікті билік органдарының Қазақстандағы 1921-1923 жылдардағы ашаршылықпен күресі // Отан тарихы. 2023. Т.26. № 3. С. 479-494 (Қаз.) DOI: https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_3_479-494



THE STRUGGLE OF CENTRAL AND LOCAL AUTHORITIES THE FAMINE IN 1921-1923 IN KAZAKHSTAN


Bajdaly Rauan Zhomartuly¹, Kudajbergenova Ajzhamal Ibragimovna^{2*}

¹A. Baitursynov Kostanay Regional University (47, Baitursynov str., Kostanay, Kazakhstan)
PhD, head of department History of Kazakhstan

 <https://orcid.org/0000-0001-9357-3876> E-mail: rbaidali@mail.ru

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (28, Shevchenko str., Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan)

Doctor of Historical Sciences, Associate Professor, Chief Researcher

 <https://orcid.org/0000-0002-9918-385X> E-mail: akudaybergen@mail.ru

Abstract. *Introduction.* The famine of 1921-1923 in Kazakhstan is one of the topical issues in the history of Kazakhstan. Even after more than 100 years, its causes and consequences have not been fully revealed. In particular, it is important to comprehensively study the regional features of the history of starvation. *The goal of the study* is to reveal the missing moments of the history of the struggle of central and local authorities with famine in Kazakhstan in 1921-1923 on the basis of new archival data and the latest published research papers. To achieve this goal, taking into account the peculiarities of political and economic conditions in the country in the early years of Soviet power and civil confrontation in Kazakhstan, we will reveal the causes of famine, the struggle of central and local authorities in the fight against it, the activities of public and foreign organizations, the problems of starving refugees, the increase in child mortality. *Results.* The article discusses the causes of starvation, the activities of various commissions to combat hunger in those regions and districts of Kazakhstan where the population was starving, as well as the work of canteens feeding hungry people. *Conclusion.* The number of hungry people in five provinces and one district of Kazakhstan is more than 2.6 million people. Refugees from starving regions of Russia, children who have lost their parents, abandoned children, epidemic diseases have all led to a demographic catastrophe.

Keywords: Civil War, Soviet power, provinces, counties, Jut, famine of 1921-1923, provincial commission for famine relief (Gubkompomgol), American Relief Organization (ARA), refugees.

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Higher Education and Science of the Republic of Kazakhstan "Famine in Kazakhstan in 1921-1922 and its consequences (based on new archival and written sources)" (registration number AP09259227).


Forcition: Bajdaly R.Z., Kudajbergenova A.I. The struggle of central and local authorities the Famine in 1921-1923 in Kazakhstan // Otan tarikhy. 2023 Vol. 27. No. 3. Pp. 479-494 (in Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_479-494

БОРЬБА ЦЕНТРАЛЬНЫХ И МЕСТНЫХ ВЛАСТЕЙ С ГОЛОДОМ В 1921-1923 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ

Байдалы Рауан Жомартұлы¹, Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна^{2*}


¹Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова (дом 47, ул. Байтурсынова, 110000, г. Костанай, Казахстан)

Доктор PhD, заведующий кафедрой Костанайского регионального университета

 <https://orcid.org/0000-0001-9357-3876> E-mail: rbaidali@mail.ru

²Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (дом 28, Шевченко, 050010, г. Алматы, Казахстан)

Доктор исторических наук, доцент, Главный научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0002-9918-385X> E-mail: akudaybergen@mail.ru

Аннотация. *Введение.* Голод 1921-1923 годов в Казахстане – одна из актуальных тем в истории Казахстана. Даже по прошествии более 100 лет его причины и последствия до конца не раскрыты. В том числе важно комплексно изучить региональные особенности истории голода.



Цель исследования - на основе новых архивных данных и последних опубликованных работ исследователей раскрыть недостающие моменты истории борьбы центральных и местных органов власти с голодом в Казахстане в 1921-1923 гг. Для достижения этой цели, учитывая особенности политических и экономических условий в стране в первые годы советской власти и гражданского противостояния в Казахстане, мы раскроем причины голода, борьбу центральной и местной власти в борьбе с ним, деятельность общественных и зарубежных организаций, проблемы голодающих беженцев, рост детской смертности. Результаты: В статье рассматриваются причины голода, деятельность различных комиссий по борьбе с голодом в тех областях и районах Казахстана, где население голодало, а также работу столовых, кормящих голодающих людей. Заключение: число голодающих в пяти губерниях и одном районе Казахстана составляет более 2,6 млн. человек. Беженцы из голодающих регионов России, дети, потерявшие родителей, брошенные дети, эпидемические заболевания все это привели к демографической катастрофе.

Ключевые слова: Гражданская война, Советская власть, губернии, уезды, джун, голод 1921-1923 гг., губернская комиссия помощи голодающим (Губкомпомгол), американская организация помощи (АРА), беженцы.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации научного проекта «Голод в Казахстане в 1921–1922 годах и его последствия (на основе новых архивных и письменных источников)» при финансовой поддержке Комитета науки МНВО РК (регистрационный номер АР09259227).

Для цитирования: Байдалы Р.Ж., Кудайбергенова А.И. Борьба центральных и местных властей с голодом 1921-1923 гг. в Казахстане // Отан тарихы. 2023 Т. 26. № 3 С. 479-494 (Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_479-494

Кіріспе. Биыл 1921-1923 жж. қазақ жерінде орын алған ашаршылықтың тоқтағанына 100 жыл болды. Ашаршылықтың мерзімін 1921-1923 жж. деп көрсеткен себебіміз, Кеңес үкіметі халықаралық қауымдастыққа жаңадан пайда болған социалистік мемлекеттің жағдайының мүшкіл емес, қиындықты жылдам шешіп, 1922 ж. ашаршылық тоқтатты деген пікір туғызбақшы болды. Барлық тарихи зерттеулерде осы мерзім орын алды. Бірақ, тақырыпты арнайы зерттеу ашаршылықтың 1923 ж. да жалғасқанын көрсетті. Сондықтан ашаршылықтың орын алған мерзімін 1921-1923 жж. деп бердік.

Кеңес үкіметінің құрылғаннан бастапқы қазақ жеріндегі саясаты халықты аштықта ұстау болды деуге болады. Билікті демократиялық жолмен емес төңкеріс арқылы қолдарына алған үкімет азық-түлік салғырты, азық-түлік саясаты, шаруашылықты әскерилендіру, экономиканы басқарудың әміршілдік жүйесі арқылы өз халқын, соның ішінде қазақ елін де күйзеліске ұшыратты. Ал, осы жүгенсіздікке қарсы ұйымдасып, қолына қару алып қарсы шыққандарды «бандылар», «бұзақылар» деп атады. Бұл атау барлық архив деректерінде кездеседі. Қазақстан тарихнамасында 1921-1923 жж. және 1931-1933 жылдардағы ашаршылық сырт көзге ұқсас көрінгенімен екеуі екі бөлек. 1921-1923 жылдардағы ашаршылықты большевиктер билігі амалсыздан мойындап, шетелден көмек сұрап, кеш те болса шара қабылдап, аштықпен күресті. Ал, билік органдарының 1931-1933 жылдардағы аштықпен күресін 1921-1923 жылдардағы комиссия жұмысымен салыстыруға мүлде келмейді. Жалпы, 1921-1923 жж. ашаршылықтың екі себебі анық. Біріншісі, I дүниежүзілік соғыс пен Ұлт-азаттық-қозғалыстары, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері, Азамат соғысы және «бандылардың» көтерілістері. Екіншісі, экономиканың мүшкіл жағдайы: мал санының азаюы, егістік көлемінің қысқаруы, табиғи қуаңшылық, қыстың қатты болуы, егіннің шықпауы және «жұт». Профессор Т. Омарбековтың «ашаршылықтың орын алуына ауа райының қолайсыздығы емес, Азамат соғысының нәтижесіндегі шаруашылықтың күйзелуі, большевиктердің біржақты саясат жүргізуі себеп болды» (Қазақстандағы ашаршылық, 2021:12), деген тұжырымымен келісеміз. Себебі Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің декретімен Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай губерниясы ашығушылар қатарына жатқызылып, еліміздің бес губерниясы ашығып жатқанда 1921 жылдың жазында Орталық Мәскеудің азық-түлік отрядтарының Семей мен Ақмола губернияларында ауылшаруашылық өнімдерін күшпен тартып алып, Ресейдің еуропалық бөлігіне жібергенін айтсақ та жеткілікті. Кеңес билігі Азамат соғысынан күйреген



Ресейдің халық шаруашылығын Қазақстандағы қазақтардан күшпен тартып алған астық пен мал арқылы қалпына келтіруге тырысты.

1921-1923 жылдардағы аштық қазақты үлкен демографиялық апатқа ұшыратты. Академик М. Қозыбаевтың есебінше 1922 жылдың наурызында Қазақстанның батыс және солтүстік аймақтарында 2 миллион 350 мың адам аштыққа ұшырап, көбісі өлді. Үкімет тарапынан көрсетілген көмек тек қала тұрғындарына ғана жеткізілгенін айта келіп, М. Қозыбаев ол тұста қалаларда қазақтардың екі пайызының ғана орныққанын, ал негізгі дені ауылдарда тұрғанын жазады. М. Қозыбаев кейбір деректерде Орталық Қазақстанға төніп тұрған аштық апатын орталық басшылығы дер кезінде көріп, мән бермегендігін, тіпті Орталықтан келген азық-түлік жинаушы Ф.Э. Держинскийдің отрядтары Түркістан республикасы, Ақмола, Семей губернияларындағы еңбекшілердің қолындағы астықты артық деген желеумен күшпен алып кеткендігі туралы айтылады (Қазақстандағы ашаршылық, 2021:12). Демек, 2 миллион 350 мың адамның қаншасы аштықтан, індеттен, ал қаншасы көршілес республикаларға босып кеткенін зерттеуіміз керек.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми мақаланы жазу барысында архив құжаттарына, жарияланған жазба деректеріне, баспасөз мәліметтеріне сүйендік. Деректердің негізін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен (ҚР ОМА), Қостанай облыстық мемлекеттік архивінен (ҚОМА) алынған материалдар құрайды. Бұл статистикалық мәлімет беретін есептер, ресми хаттамалар, баяндаулардан және тағы басқа құнды деректерден тұрады. Сонымен қатар қарастырылып отырған кезеңде жарыққа шыққан «Ақ жол» газетінің қазіргі таңдағы мақалалардан құралған кітабындағы аштыққа қатысты мақалалар мен редакция мәліметтері (2015) және 1921-1923 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық тарихы жөніндегі «Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1923. Сборник документов и материалов» (2021) атты екі томдық жинақтағы деректер ғылыми айналымға енгізілді.

Қазақстандағы орталық және жергілікті билік органдарының 1921-1923 жылдардағы аштықпен күреске қатысуын зерттеу барысында жинақтау, салыстыру, талдау және қорыту сияқты жалпы ғылыми әдістер, сондай-ақ мәселелік-хронологиялық, тарихи-жүйелік секілді арнайы тарихи әдістер кешені қолданылды.

Талқылау. Кеңес одағы кезінде 1921-1923 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылықты ғылыми және көркем әдебиетте Кеңестік және Қазақстандық зерттеушілер мен әдебиет өкілдері көтергенімен Кеңестік идеологияға қайшы келетін тақырыптардың бірі болғандықтан ол ары қарай жалғасын таппады. Тек 1990 жылдардан бастап қана 1930 жылдардың басындағы ашаршылық жөнінде ғалымдарымыз іргелі зерттеулерін жүргізе бастады. Бес томдық Қазақстан тарихы (Қазақстан тарихы, 2010) академиялық еңбегінде 1921-1923 жылдардағы ашаршылыққа бір бөлім берілген. Қысқаша жазылған бөл бөлімде ашаршылықтың себебі, ауқымы, зардабы, аштықты ауыздықтаудағы әр деңгейдегі атқарылған шаралар және салдары баяндалады.

Ал, соңғы жылдары 1921-1923 жылдардағы ашаршылық жөнінде Қазақ тарихнамасы толығы түсті. Мысалы белгілі ғалым С. Смағұлованың (Смағұлова, 2019) Қазақ жеріндегі ашарлықты архив деректері негізінде кешенді түрде зерттеген еңбегін айтуға болады. Сонымен қатар осы аталмыш тақырып жөнінде республикалық дөңгелек үстелдер мен конференциялар ұйымдастырылып өткізілді. Сондай-ақ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының «Отан тарихы» ғылыми журналында кәсіби тарихшы ғалымдардың мақалалары жариялануда. Атап айтқанда С. Шілдебай (Шілдебай, 2021), Б. Боранбаева (Боранбаева, 2021), М. Қозыбаева (Қозыбаева, 2021), С. Гизатов (Гизатов, 2023) тағы басқалар 1921-1923 жылдардағы ашаршылықтың әртүрлі қырларын, соның ішінде орталық және жергілікті билік органдарының 1921-1923 жылдардағы ашаршылықпен күресі туралы тақырыбын көтерді. Олардың мақалаларында ашаршылықпен күрес жөніндегі әртүрлі деңгейдегі комиссияның жұмысы қысқаша көрініс тапты.

Қазіргі таңда орталықтағы, өңірлердегі, көршілес шет елдердегі архив қорлары, сол дәуірдегі жарияланған мерзімді баспасөздегі деректерді және зиялылар мен аштықпен күрескен мемлекет және Алаш қайраткерлерінің естеліктерін ғылыми айналымға енгізуіміз қажет.

Нәтижелері. Қазақ республикасы Орталық Атқару комитетіне 1921 жылдың маусымынан бастап қазақ даласында аштықтың басталғаны жайлы губерниялық атқару комитетінен



ақпараттар, мәліметтер түсе бастады (Смағұлова, 2019: 76). Түркістан Республикасындағы Ташкентте жүрген қазақ зиялысы Міржақып Дулатұлының 1921 жылы 9 сәуірде «Ақ жол» газетінде «Ел күйзелді» деген дабыл қаққан мақаласы жарияланды: «Соңғы күндері алынған хаттардың анық хабарына қарасақ, жас көңілге қайғы толып отыр. Жұтаған мал, қалың ауру, қаптаған өлім. Торғай уезінде мал қырылып жатыр. Жазға салым ашаршылық күтіп отырмыз. Қарқаралы уезінде шаруа күйзелді, мал өліп жатыр, жұрт жаяу, аш-жалаңаш. Темір уезінде жұт, ауру қалың. Бөкей ордасының қазақтары «томаршық» деген ағаштың безін қағып жиып отыр. Он қарасы бар үй бүкіл бөкейліктерге бай саналады. «Томаршылық» тілесен ет, тілесен нан. Бірғыз уезінің қазақтары саршұнақ тышқан жеп жатыр. Күзде өлген малдардың өлекесін қазып алып жеп отыр. Өлексе әрі ас болмай, әрі аурулы қылып бейшаралар қырылып жатыр» - деп сол кездегі ащы шындықты естір құлаққа жазды (Ақ жол, 2015: 58-59). Осы «Ақ жол» газетінде «Шын» деген бүркеншек есіммен жазылған мақалада: «біз даусымызбен барынша бақырып жатқанда Қазақстанның азық-түлік комиссариаты биыл егін бітік деп жариялап жатты. Басқа жерлер егіннің бітіктігін жасырып жатты. Ақырында Қазақстан әуел кезде ашыққан жерлердің есебіне кірмей қалды. Өзіміз Ақмола, Семейден ішкі Россияға астық жіберіп отырып, Түркістаннан қалай ұялмай жәрдем сұраймыз, сендер газеттеріңе аштықты өсіріп жазып отырсындар, - деп бізге сенбеген. Аштың даусын естімеген Қазақстанның талай меңіреуін көргенбіз» (Ақ жол, 2015: 5), - деп жазған.

Республикада аштық үдей бастауына орай ел астанасы Орынборда 1921 жылы 8 шілдеде Қазақ облыстық комитетінің пленумы өткізіліп, қаладағы азық-түлік жағдайы мен ашыққан халыққа көмек көрсету комиссиясын құру қарастырылды. Орынбор қаласында және темір жол бойында жағдайдың ауыр болып, жұмысшылардың екі айдан бері құрғақ азық ала алмағандығы, базарда астықтың мүлдем дерлік жоқтығы және оның өте қымбат екендігі, құрғақшылықтың салдарынан егін шығымының мүлдем төмендігі, тамақ тапшылығынан тырысқақ індетінің күннен-күнге күшейіп бара жатқандығы баса айтылды. Пленум тез арада Қазақ АКСР Азық-түлік халық комиссариатына республиканың Сібір бөлігінен Орынбор қаласына көмек ретінде 30 мың пұт астық жіберу туралы қаулы шығарды. Сонымен қатар республикада ашыққан халыққа көмек көрсету жөнінде төтенше комиссия құру туралы шешім қабылданды. Комиссия құрамына Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің, Ұлт істері халық комиссариатының, Егіншілік халық комиссариатының, Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариатының, Статистика басқармасы бюросының өкілдері енгізілді (Смағұлова, 2019: 77).

Міне осыдан кейін Қазақ Орталық Атқару Комитеті 10 шілдеде аштарға көмек көрсету Орталық комиссиясын құру жөнінде қаулы қабылдады. Бұл комиссияға қысқа мерзімнің ішінде аштар туралы мәлімет жинап, төтенше органға жіберу жүктелінді. Бес күннен кейін осы жылдың 15 шілдесінде «Ашыққандарға арнайы төтенше көмек көрсету комиссиясы» (Компомгол) құрылып, басқару С. Меңдешевке жүктелді. 20 шілдеде Қазақ ОАК республиканың барлық губернияларына аштарға көмек көрсету комиссиясын құрып, оның құрамы мен атқаратын қызметін анықтауды тапсырды (Смағұлова, 2019: 78).

Апаттың мөлшерін анықтау Жер Халық комиссариатына, Азық-түлік халық комиссариатына және Орталық статистика басқармасына жүктелініп, аштықтан өлгендердің саны мен жиналған астық барысы, сонымен бірге қажетті тұқым мен азық-түлікті нақтылау тапсырылды. Азық-түлік халық комиссариаты мен Орталық тұтынушылар одағына азық-түлікті есепке алу мен сақтау, «Ашыққандарға көмек көрсету Орталық комиссиясының» тапсырмасы бойынша осы азық-түлікті бөлу жұмысы жүктелінді. Сонымен қатар Азық-түлік комиссариатына тамақтандыру пунктерін ашуға басшылық жасау тапсырылды. Аштықтан жүре алмаған адамдарға көмек көрсету мен жұқпалы аурумен күресу, өлген адамдардың мүрдесін жинауды Денсаулық сақтау халық комиссариаты, салық салудың жаңа жобасын жасау мен оны үйлестіру ісін Қаржы Халық комиссариаты қолға алды (Смағұлова, 2019: 78). Қазақ ОАК-і мен ХКК-нің шешімімен Қазақстан территориясында төтенше санитарлық комиссия құрылды. Жалпы комиссияның құрамына ҚОАК төрағасы, ҚОАК-і мен Бүкілресейлік Төтенше комиссияның өкілдері енді. Комиссия құзырына оба, шешек және тағы басқа аурулардың ошағын анықтап жою, басқа өңірлерге таралуға жол бермеу мәселесі енді. Барлық губернияларда да осындай санитарлық комиссиялар құрылып, оның құрамына



губерниялық денсаулық сақтау меңгерушісі, губерниялық төтенше комиссияның төрағасы және әскери-санитарлық ведомстваның бір өкілі енді (Смағұлова, 2019: 78).

Қазақстан аймақтарындағы Ашыққандарға көмек беру бойынша арнайы комиссиялар (Губкомпомгол) әр түрлі уақытта, атап айтқанда Ақтөбе губерниясында 1921 жылғы 20 шілдеде, Бөкей губерниясында 4 тамызда, Орал губерниясында 8 тамызда, Орынбор және Семей губернияларында 10 тамызда, Қостанай губерниясында 30 тамызда, Ақмола губерниясында 15 қыркүйекте, Адай уезінде 23 қазанда құрылды. Бұл пошталық және телеграфтық байланыстың нашарлығынан, ұйымдастыру-түсіндіру жұмыстарының тиісті деңгейде болмауынан орын алды (Гизатов, 2023:302-303). Губерниялық комиссиялардан кейін уездік-аудандық атқару комитеті жанынан уездік Ашком комитеттері құрыла бастады. Сол кездегі жағдай бойынша көп елді мекендер теміржол бекетінен алыс орналасқандықтан және байланыстың нашарлығынан ашылуы тиіс комитеттер кеш ашылды. Алғашқы кезде жергілікті билік органдары қаражатпен, транспортпен азық-түлікпен қамтамасыз ете алмады.

Қазақ Орталық атқару комитетінің алдындағы бірінші кезектегі міндеті Қазақстан аумағында аштықтың орын алғандығын Орталыққа дәлелдеу және аштыққа ұшыраған аудандардан азық-түлік салығын алып тастау үшін оның ауқымын анықтау болды. 1921 жылдың қарашасына қарай Қазақ жер халық комиссариаты, Қазақ азық-түлік халық комиссариаты және Қазақстан басқармасы Қазақ АКСР-ның жеті губерниясының бесеуін аштық жайлағанын анықтайды. Ашаршылық Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Бөкей губернияларын және жалпы аумағы 1.048.100 шаршы метр верст және халқы 2.633.300 адам болатын Адай уезінің кейбір болыстарын қамтиды. Ашаршылыққа ұшыраған 5 губернияда 1 508 900 адам зардап шекті ...«Кейінірек бұл жерлерден келген мәліметтерге сәйкес, ашаршылыққа ұшырағандардың саны 1 558 27 адамды құрады» (Қозыбаева, Құдайбергенова, Байдалы, 202: 149-157).

Кесте 1 Ашаршылыққа ұшыраған губерниялар, аудандар мен уездер (1921 жыл 1 қаңтар). (ҚР ОМА. 320 қ. 1 т., 29 іс. 9 п.).

[Table 1 Famine affected provinces, districts and districts (January 1, 1921). (Central State Administration of the Republic of Kazakhstan. F.320. Vol. 1. C. 29. P.9].

№	Губерниялар бойыншы аудандар мен уездер	№	Губерниялар бойыншы аудандар мен уездер
	Орынбор губерниясы		Ақтөбе губерниясы
1	Елек ауданы	1	Ақтөбе уезі
2	Исаев ауданы	2	Ақбұлақ уезі
3	Краснохолмск ауданы	3	Можаровск уезі
4	Орынбор ауданы	4	Темір уезі
5	Орелск ауданы	5	Ырғыз уезі
6	Петровск ауданы	6	Шалқар уезі
7	Покровск ауданы	7	Ойыл уезі
8	Шарлық ауданы	8	Қарабұтақ уезі
	Орал губерниясы		Бөкей губерниясы
1	Гурев ауданы	1	Калмыцкий ауданы
2	Жымпиты уезі	2	Тарғын ауданы
3	Елек уезі	3	Нарын ауданы
4	Калмыков ауданы	4	Қамыс-Самар ауданы
5	Орал уезі	5	Таловск ауданы
		6	1-ші Приморский округ
		7	2-ші Приморский округ
	Қостанай губерниясы		Адай уезі
1	Қостанай уезі	1	Бозашы ауданы
2	Боровский уезі	2	Кенжар ауданы
3	Федоров уезі	3	Қаракосшұғыл ауданы
4	Семиозер уезі	4	Адай-Табын ауданы
5	Денисов уезі	5	Үстірт –Сары аудандары
6	Адамск уезі		
7	Урицкий уезі		
8	Торғай уезі		



Бұл кестеден көретініміз 20 аудан 21 уезд аштыққа ұшыраған.

1921 жылғы тамыз айында Орал губерниялық Ашыққандарға көмек беру комиссиясы төрағасының орынбасары Ширявцев өз баяндамасында: «Орталықтан тапсырма түскен бойда шұғыл арада ашыққандарға көмек беру комиссиясы құрылды. Нақты нұсқаулықтың болмауына байланысты алғашқы күндері жергілікті жерлерде уездік және болыстық Ашыққандарға көмек беру комиссияларын құру жөнінде өкім шығарумен ғана шектелдік», - деп жазды (Гизатов, 2023: 303). Одан кейін ашыққан адамдардың санын анықтау мақсатында Губстатбюроға есеп карточкасының формасын жасау жөнінде тапсырма беріп, халық санағына кіріседі. Сонымен қатар «Ашыққандарға көмек апталығын» ұйымдастыру үшін арнайы үштік ұйымдары құрылды (Гизатов, 2023: 303).

Ең қиын жағдай 1921-1922 жылдары қыста орын алды. Бұл кезеңде адам жеу фактілері тіркелді. Мысалы, 1921 жылы желтоқсан айында Калмыков уезі Бударин ауылында бір отбасы қызы мен немересін өлтіріп, олардың етін жеген. Құзырлы органдардың мәліметінше тек 1922 жылғы 1 сәуірден бастап адам жеу үрдісі азая бастаған.

Уақыт өткен сайын ашаршылық та күшейе берді. 1921 жылы Орал губерниясының төрт уезі бойынша 47 289 адам аштан қырылған. Сонымен қатар 20 851 адам Орал губерниясынан тыс жерге көшіп кетті. Осылайша бір жылдың ішінде губерния халқы 67 870 адамға азайды. Ал 1921 жылы қараша айында Орал губерниясында ресми түрде 239 037 адам ашыққандар ретінде тіркелсе, 1922 жылдың 1 қаңтарында олардың саны 348 816 адамға жетті (Гизатов, 2023: 303). Мәселен, ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі Орталық комиссияның №18 995 санды жеделхатының негізінде 1921 жылы 8 тамызда Бөкей губерниясында ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі комиссия құрылып, ол жедел түрде жергілікті бөлімшелердің ашыққандарға көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастырып басқаруға кіріседі (Боранбаева, 2021: 123].

Бұл комиссия уездік және болыстық комиссия мүшелерінің атқаратын нақты тапсырмаларын көрсетіп 10 пункттен тұратын арнайы нұсқау (инструкция) дайындайды. Нұсқауда уездік және болыстық жерлерде комиссия бөлімшелерін құру қажеттігі, ауқатты адамдардан қарызға алған малды сойып ашыққандарды тамақтандыру, ата-анасы жоқ қараусыз қалған балалар үшін жатақханалар ашу, жұқпалы ауруларға қарсы күрес шараларын ұйымдастыру жұмыстары көрсетіліп, ашаршылыққа қарсы атқарылған істер туралы губерниялық комиссияға 2 аптада бір рет есеп беру міндеттелді (Боранбаева, 2021: 124].

Ал губернияның Тарғын уезіндегі ашаршылыққа қарсы күрес жөніндегі төтенше комиссия Жәнібек кентіне орналасты. Кеңес аппаратының және партияның уездік органдарының барлық қызметкерлері дерлік ашаршылықпен күресті ұйымдастыру үшін шалғай ауылдарға жіберіледі. Уезд орталығында ашыққандарға арналған 8 тамақтандыру пункті жұмыс істеді, ата-анасыз қалған балалар үшін жатақхана ұйымдастыру міндеттелді (Боранбаева, 2021: 124]. Бөкей губерниясындағы ашаршылықтың салдарынан халықтың жаппай қатерлі жұқпалы ауруларға шалдығуы, өлкеде емханалар мен ауруханалардың және дәрі-дәрмектердің жетіспеуі ел ішінде адам өлімінің санын көбейтіп, нәтижесі Бөкей өңірінің демографиялық құлдырауына әкеліп соқтырды (Боранбаева, 2021: 124].

Ақтөбе губерниялық комиссиясы 20-шілдеден өз жұмысын бастады. Алғашқы кезде басқа губерниялар сияқты ашыққандардың нақты санын анықтау мүмкін болмады. 1921 жылы 12 желтоқсандағы Қазақ АССР-нің Орталық Атқару Комитеті ашыққандарға көмек көрсету комиссиясының баяндамасында Ақтөбеде 315339 адам ашықты. Олардың 225348 ересек, 89991 бала. Губернияда 48 асхана ашылып, одан 15073 адам тамақтанды. 570756 адам тұратын өңірдің 8 желтоқсандағы мәліметі бойынша Темір, Бірғыз, Қарабұтақ, Ойыл аудандары қатты ашаршылыққа ұшырады (Қазақстандағы ашаршылық, 2021:288). Ақтөбе губерниялық атқару комитетінің мәліметі бойынша 1921 жылдың қараша айында 469 өлген адамның мәйіті табылып, жинап алынды. Ақтөбе қаласындағы балалар үйінде 94 қазақ баласы өлді. Өлім халінде жатқан 232 орыс баласының жағдайы жақсарды. Көшеде өлім халінде жатқан 294 адам ауруханаға жеткізілгенмен ажал құшты. (Қазақстандағы ашаршылық, 2021:288). Ал, Ақтөбе губерниялық комиссияның 1921 жылдың 22 желтоқсанындағы есебінде 374215 адам аштыққа ұшырады, олардың 87725 балалар. Алғашқы кезде 326000000 сом ақша болды, азық-түлік болған жоқ. Қайырымдылықтан 38472662 сом, 105 ірі қара, 3-бас жылқы, 94 қой, 6 пұт ұн, 44 пұт картоп, 2 пұт шай, қант, 10 пұт тұз, ет 104 пұт, 1 пұт нан түсті. 34 асхана



жұмыс істеді. Оның 15 балаларға арналды. Болыстардың санына байланысты 100 асхана ашу ойда бар. 1-ші тамызда Түркістан Республикасына 13 177 адам, Украинаға 4 206 бала, астықты губернияларға 4309 адам эвакуацияланды. Осы жыл яғни 1921 жылдың 23 желтоқсанында Ақтөбе губерниясына АРА-ның өкілдері келді және олардың барлық талаптары орындалады делінген (Қазақстандағы ашаршылық, 2021:315).

Бұл есеп- мәліметтерден уақыт өткен сайын аштыққа ұшыраған адам санының әсіресе балалар санының өсуін көруімізге болады. Бұл статистика біздіңше нақты да болмауы мүмкін. 1922 жылдың 1 қаңтар мен 7 ақпан аралығындағы Ақтөбе губерниялық комиссиясының баяндамасында жағдайдың қиын болғандығы айтылады. «Қатты суық аштықпен күреске көп кедергі жасауда, аудандардан мәлімет түспеуде, ескі ережелерді басшылыққа алып жұмыс істеудеміз. Күн өткен сайын аштық күшеюде. Губерния орталығымен аудандардың, болыстардың, ауылдардың байланысы нашар. Ақтөбе, Ақбұлақ, Мәртөк, Шалқар станцияларындағы қоймалардан жіберілген азық-түлік барар жеріне жарты ай немесе үш аптада жетеді. Қазіргі таңда азық- түлікке деген қаңтар айына берілетін 639 000 000 сом әлі түскен жоқ. Қаңтар айынан бері 68 тамақтану пункті, 10 балалар асханасы және 27 балалар үйі жұмыс істейді. Осы қаңтар айында Ақтөбе қаласында 500 адамға арналған тамақтану пунктімен Ақтөбе ауданының болыстарында 70 тамақтану пункті ашылды. Басқа жаңадан ашылған тамақтану пунктері туралы мәлімет жоқ» - делінген (Қазақстандағы ашаршылық, 2021:396-397)

Адай уезінде аштықпен күрес жөніндегі комиссия жұмысы 1921 жылдың 21 қазанында құрылды. Ашаршылық жұт жиі болатын бұл өңірге де өте ауыр тиді.

Енді Қостанай губерниясын біз «Қостанай губерниялық төтенше ашыққандарға көмек комиссиясының 1921 жылғы шілдеден 1922 жылғы шілдеге дейінгі губернияның жағдайы мен комиссияның қызметі туралы есебі» арқылы қарастырып көрейік.

Қостанай губерниясында аштықты жою жөніндегі төтенше комиссия 1921 жылы 30 тамызда құрылды. Бұл кезде аштық кең етек алған еді. Елді мекеннің алыстығы мен транспорттың жоқтығынан тез арада жергілікті жерлерде комиссияны құру бір айға созылып, «помголдар» 25 қазанда барлық аудан орталықтарында құрылса, 15 қарашада болыс орталықтары мен ауылдарда құрылды.

15 желтоқсанға дейін аштықпен күрес жөніндегі комиссиялар: губерниялық – 1, аудандық немесе уездік – 8, болыстық – 75, ауылдық – 358, барлығын қосқанда 442 комиссия құрылды. Жалпы губерниядағы 670 елді мекенде жоғарыда айтылған комиссия жұмыс істеді (КОМА. 24-қ., п., 1-т., 128-іс, 77-95 п.).

1922 жылдың қаңтарына дейін барлық партиялық, одақтық, кооперативтік ұйымдарда, атқару комитеттерінің барлық бөлімдерінде, сондай-ақ Қызыл Армия бөлімдері мен Әскери комитет мекемелерінде помгол болды. Барлық ұйымдасқан пролетариат аштыққа қарсы күреске тартылды деп айтуға болады, барлық мекемелер мен мемлекеттік аппараттар аштықпен күресті.

Комиссия өзінің алғашқы отырыстарында губисполкомның барлық экономикалық бөлімдерінің аштыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыс жоспарының іс-шаралары мен жалпы қағидаттарын әзірледі және барлық бөлімдерге егжей-тегжейлі жұмыс жоспарларын әзірлеуді ұсынды. Бірден жоспарлаушы, қаржылық, бақылау және үгіт-насихат жұмыстары бойынша бірден 4-секция құрылды. Сол секциялар нұсқаушыларды жіберу арқылы аудандық комиссиялар жанынан ұйымдастырылды. Желтоқсан айының басында губкомиссия жанынан да, аудандық комиссиялар жанынан да қоғамдық тамақтану секциясы ұйымдастырылды. Губкомиссияның секциялық жұмысы қажетті нәтиже бермеді, сондықтан болашақта қоғамдық тамақтану секциясын қоспағанда, барлық секциялар жойылды. Бөлімдердің жұмысы губисполкомның бөлімдеріне және губкомиссияның төралқасына жүктелді.

Мамыр айында губерниялық қоғамдық тамақтану бөлімі горсекция болып өзгертілді және тек қала бойынша жұмыс істеді. Райпомголдарда қоғамдық тамақтану секциялары сақталды. Қоғамдық тамақтану губерниясының жалпы басшылығы жаңадан құрылған губпомголоттың шаруашылық бөліміне көшті. Қазіргі уақытта аштықпен күресудің жалпы басшылығының құрылымы келесідей:

1. Губпомголот аштықпен жұмыс президиумынан, кеңейтілген президиумнан және пленумнан тұрады.



2. Жұмыс Президиумына үш мүше кіреді: біреуі губерниялық атқару комитетінен, біреуі губерниялық комитеттен және біреуі губерниялық кеңестердің екінші съезінен.

3. Кең президумға сондай-ақ, губерниялық атком, предпомгол орынбасарлары, РКП(б) губкомының хатшысы, жас жұбайлар және әйелдер бөлімінің өкілдері, Қостанай губерниясындағы барлық шетелдік аштыққа қарсы көмек ұйымдары жанындағы РСФСР уәкілдері кіреді.

4. Губпомголод пленумы губисполкомның, губкодақтың және губпрофсоветтің барлық бөлімдерінің өкілдерінен тұрады. Губпом пленумы айына кемінде бір рет, кең төралқа аптасына кемінде бір рет, жұмысшы Төралқа қажет болған жағдайда жиналады» - делінген (ҚОМА. 24 қ. 1 т., 128 іс, 77-95 п.). Бұл құжаттан аштықпен күресетін комиссия кеш құрылып, жергілікті биліктің барлық саласы аштықпен күрес жүргізуге жұмылдырылғанын көруге болады.

Қостанай губерниясындағы аштыққа ұшыраған халыққа көмек көрсетуді әртүрлі ұйымдардың жұмысы арқылы қарастырсақ.

Аштыққа ұшыраған халыққа тікелей көмек көрсету аштыққа қарсы барлық органдардың басты мәселесі болды. Ресейдің аштыққа ұшыраған өңірлерінен қоныс аударғандарды, жергілікті шаруалар, жұмысшылар, қызметкерлерді және ең алдымен балаларды тамақтандыру қажеттігі туындады. Ол үшін қаражат іздеу, оны ақылмен бөлу керек болды. Бұл бағыттағы жұмыс бүкіл есепті кезеңді алады. Губерния өз қаражатымен аштықты жеңе алмайтындығын біліп, алғашқы күндерден бастап барлық есіктерді қағып, жедел көмек сұрады. 1922 жылдың қаңтарына дейін мемлекеттік көмек екі жүз миллион рубль несие беруді бастады. Ол көп ұзамай тиісті тамақтану мақсатына және бір жағынан, ұйымдастырушылық шығындарға жұмсалды. Сонымен қатар, балалардың өмірін жақсарту жөніндегі комиссия 1922 жылдың қаңтарында екі жүз миллион рубль алды. Қаңтар айында орталықтың нарядынан 1082 пұт мөлшерінде бір тары вагоны және ақпан айында салмағы бес мың пұт 5 тары вагоны, мың екі пұт астықпен бір бидай вагоны және мың пұт қара бидай вагоны келіп түсті. 1922 жылдың 23 ақпанынан сәуірдің аяғына дейін губпомголод бірде-бір вагон азық-түлік алған жоқ.

Орталық Қостанай губерниясын қоғамдық тамақтануға енгізгені белгілі болып, қаңтар айында 25 мың балалар мен 5 мың ересекке, ақпан айында – 35 мың балалар мен 37 мың ересекке тамақтандыруға құрғақ азық, наурыз айына-дәл солай, сәуірге-дәл солай бөлінгенімен азық-түлік берілмеді. Тек қанасәуір айында орталықтың наряды бойынша 400 пұт саңырауқұлақ түсті, ал 26 сәуірден бастап өнімдер орталықтың наурыз айындағы наряды бойынша келе бастады (ҚОМА. 24-қ. 1 т., 128 іс, 77-95 п.). Қарап отырсақ жергілікті жердегі комиссия өз күштерімен аштықпен күрескенін, тек 1922 жылдың көктемінен бастап қана орталықтан көмектің келгенін байқаймыз.

Негізгі көмек негізінен қалада, аудандарда асығыс салынған асханалар арқылы көрсетілді. 1 ақпанға дейін іс жүзінде тек 20 асхана жұмыс істеді (үшеуі қалада және 17 аудан бойынша). 1 наурызға дейін губерния бойынша 27 асхана жұмыс істеді (4 қалада және 23 ауданда). Күн сайын барлығы 17 700 құрғақ азық берілді, оның 4000-ы қала бойынша және 13700-і аудан бойынша. Негізінен балалар тамақтандырылды. Мамыр айында көмек ретіндегі азық-түліктердің келіп жетуіне байланысты жабдықталған асханалар саны 123-ке дейін азайды, ал шын мәнінде жұмыс істейтіндерінің саны 57-ге дейін өсті. Іс жүзінде оларда 15 244 бала мен ересек адам тамақтандырылды. 1 шілдеде губерния бойынша барлық асханалар саны келесідей болды (ҚОМА. 24-қ. 1 т. 128 іс, 77-95 п.).

2 кесте. Қостанай губерниясындағы асханалар (1922 ж. 1 шілде (ҚОМА. 24 қ. 1 т. 128-іс, 77-95 пп.).

[Table 2. Kitchens in the Kostanai province (July 1, 1922 (State archive of the Kostanai region (SAKR). F. 24. Vol. 1 l. 128. pp. 77-95).

№	Орындардың атауы	Асханалар мен коректікзаттардың саны		Өткізу қабілеті	Нактынормалар	
		жабдық.	Жұмыс істейтін.		балалар	ересектер
1	Қостанай	7	7	4150	–	4000
2	Қостанайауданы	12	2	2400	400	–



3	Федоров ауданы	18	8	4000	2000	500
4	Боровской ауданы	20	10	6000	3000	500
5	Семиозерный ауданы	17	5	1700	500	–
6	Урицкий ауданы	30	11	3000	1710	–
7	Денисов ауданы	5	1	2500	414	–
8	Адамовский ауданы	13	13	1540	1300	240
9	Торғай ауданы	1	1	-	-	–
Барлығы:		123	57	25190	9324	5240
				Барлығы: 14 564		

Кестеде жұмыс істейтін асхана 57 деп берілгенімен, есептегенде 58 екен, өткізу қабілеті 25190 дегенімен, есептегенде 25290 болып шығады. Азық-түліктің жоқтығына байланысты бұл асханалар кей жағдайда дұрыс жұмыс істемеген.

Губсобестің жұмысы өзінің есебіндегі халыққа көмек беру болды. Бұған соғыс пен еңбектің барлық мүгедектері және олардың отбасылары, барлық қызыл әскер отбасылары кірді. Сонымен қатар 1922 жылдың 1 маусымынан бастап жұмыссыздарға көмек көрсетіле бастады. Сондай-ақ эвакуация мәселесіменде айналысты. Көктемнің шығуымен ашыққан көшіп келушілер кері кете бастады. Өздігінен жүре алмаған панасыз ашыққандарды жатақханаларға орналастырды. Оларға тамақтандыру орны ұйымдастырылып, 1922 жылдың маусым айынан есепке ала бастады. 14 маусым мен 10 шілде аралығында қоныс аударушыларды тамақтандыру пунктінен 1321 адам өтті (ҚОМА. 24-қ. 1-т. 128-іс, 77-95 п.). Кәсіподақтардың аштыққа қарсы күреске қатысуы, ең алдымен, аштыққа қарсы барлық науқандарда олардың негізгі белсенді күш құрайтындығында көрінді. Жалпы жиналыстарда, съездерде, конференцияларда және т.б. аштықтың жай-күйін кеңінен жариялау, аударымдардың, алымдардың, қайырымдылықтардың, сенбіліктерді ұйымдастырудың барлық түрлерін өткізу, спектакльдер қою-осының бәрі кәсіподақтардың тікелей қатысуымен өтті. Сонымен қатар, кәсіби ұйымдар аштықтан зардап шеккендердің санын анықтау және оларды ауқатты халыққа бекіту үшін қала кварталдарын зерттеуге қатысты (ҚОМА. 24-қ., п., 1-т., 128-іс, 77-95 п.). Қостанай губерниясының Қызыл Армия бөлімдері рациондар мен жалақыдан өндірілетін аударымдарды Қызыл Армия балаларына арналған балалар үйі мен мүгедектер үйін қамтамасыз етуге жұмсады. Бұл үйлердің тамақтану жағдайы және басқа да жағынан Губоно мен Лабособес үйлеріне қарағанда жоғары болды. Сонымен қатар, Қызыл Армия кез-келген науқанға, салық салуға, аударымдарға және т. б. белсенді қатысты (ҚОМА. 24-қ., п., 1-т., 128-іс, 77-95 п.).

1921 жылы Қостанай губерниясын егін шығымы мол, аштыққа ұшырамаған Ақмола губерниясының Атбасар және Көкшетау уезіне бекітті. Бірақ бұл уездер өздерін көмектесуге міндетті санамады. Тек Торғайға 1800 пұт азық-түлік жіберді. Тек 1922 жылдың наурыз айынан Ақмоланың орнына Семей губерниясын бекіткеннен кейін жағдай өзгере бастады. Бірақ бұл бекіту жолдың алыстығынан азық тасуға кедіргісін де келтірді. Осы 1922 жылдың шілде айында Семейдегі Губпомгодтан 10 вагон астық, 8 вагон тары, барлығы 18 вагон астық келді (ҚОМА. 24 қ. 1 т. 128 іс. 77-95 п.). Бұдан бөлек Алаш қайраткері М. Дулатұлының Семей жерінде мал жинап, оны Жүсіпбек Аймауытов Торғайға жеткізіп ашыққан жұртқа таратқанын білеміз.

1921 жылдың 15 қарашасындағы санақ бойынша губернияда 192 мыңнан астам адам аштыққа душар болды, олардың ішінде 7,5 мыңы балалар болды. Қыс жақындаған сайын ашығып жатқан адамдардың саны өсті. Бір айдан кейін аш адамдар саны 237 494 адамды құрады. Губерниядағы 537403 тұрғынның 59 пайызы аштыққа ұшырады (Байдалы, Кажимуратова, 2022: 250). 1921 жылғы шілде айындағы Қостанай губерниясының ашыққандарға көмек жөніндегі комиссиясының есебінде Қостанай ауданындағы 59460 адамның 35437-сі (56%), Семиозер ауданындағы 30000 адамның 22500-і (75%), Денисов ауданындағы 37000 тұрғынның 34480-і (95%), Урицкий ауданындағы 60000 тұрғынның 23414-і (33%) аштыққа ұшырады [3, 250]. Сонымен 1921 жылы Қостанай өңірі тұрғындарының шамамен 75 пайызы аштықтан зардап шекті. Болыстарда, селолар мен қазақ ауылдарында ашаршылық пен бала өлімімен күрес жандана түсті. Мысалы Қостанай уезінің болыстарында 1921 жылы алты балалар үйі жұмыс істеді, онда мыңнан астам бала жатын бөлме мен тамақпен қамтамасыз етілді (Қазақстан тарихы, 2010: 188).



Қостанай облыстық архивінде Қостанай губерниясындағы ашаршылыққа ұшырағандардың 1922 жылдағы санын төмендегі кестеден көруімізге болады.

3 кесте Қостанай губерниясы бойынша аштыққа ұшыраған тұрғындар саны (ҚОМА. 620-к. 2 т. 87 іс. 16 п)

[Table 3. Number of starving residents in Kostanay province (State archive of the Kostanai region (SAKR). F. 620. Vol. 2 l. 87. p. 16).

Аудан атаулары	Тұрғын саны	Ашыққандардың саны
1-ші топ		
Торғай	56 975	45 859
Боровской	62 912	43 154
Семиозер	37 425	30 400
2-ші топ		
Қостанай	77 468	28 909
Денисов	63 173	27 000
Федоров	95 183	17 532
3-ші топ		
Адамовский	39 666	16 392
Урицкий	48 679	14 546
Барлығы:	481 481	223 792

Бұл кестеден көретініміз жергілікті ашаршылыққа қарсы комиссия аудандарды бірінші, екінші және үшінші топ деп бөліп жоспарлаған. Кестедегі 1 топтағыларға кезек күттірмейтін аса қиын жағдайдағы аштыққа ұшырағандар деп бірінші болып көмек көрсету қарастырылған. Ал қалғандарына рет-ретімен көмек көрсетілген. Шынында да Торғай, Боровской және Семиозер аудандары өлкедегі Қостанай губерниясы бойынша қазағы көпөңірлер еді.

Ашыққан адамдардың саны көбейген сайын, қараусыз қалған аш-жалаңаш балалар саны көбейіп отырды. Мәселен 1921 жылдың 1-желтоқсанындағы деректер бойынша қараусыз қалған аш-жалаңаш балалар саны Қазақ АКСР-і бойынша 128 мың болса, осы жылдың соңында 158 мың, ал 1923 жылы 1 наурызға қарай 408 022 мыңға жеткен (Қазақстан тарихы, 2010: 188). Сол себептен қаңғып қалған балаларға назар аударылды. Балалардың тұрмысы мен өмірін жақсарту жөніндегі комиссия Ашыққандарға көмек көрсететін республикалық Орталық комиссияның балалар арасындағы аштықпен күрес жөніндегі арнаулы бөлімі болып қайта құрылды. Республиканың аштық жайлаған барлық губернияларында бөлімнің жергілікті органдары ұйымдастырылды.

1922 жылдың қаңтарына дейінгі аймақтардың мәліметтері бойынша аштыққа ұшырағандардың жалпы саны 1.476.985 адам (ересектер – 927.593, балалар – 158.392) болды. Губерниялар бойынша олар төмендегідей болып бөлінді: Орынборда – ересектер 138.339 адам, балалар 209.671; Ақтөбеде ересектер 171.389, балалар 134.000; Қостанайда ересектер 217.365 адам, балалар 96.935; Оралда ересектер 123.600, балалар 103.500; Бөкейде барлығы 100.000 адам, Адай уезінде 75.000, Семейде 5.616 бала, Ақмолада 92.000 ересек, 9.670 бала. Аймақтардағы қоғамдық тамақтандыру және азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру губерниялық және аудандық ашыққандарға көмектесетін комиссиялардың тапсырмалары бойынша губерниялық әлеуметтік қамсыздандыру органдары мен кооперациялардың жабдықтау және ұстау ісіне қатысуымен Азық-түлік Халкоматы органдары арқылы жүргізілді (Шілдебай, 2021: 147). Ересектер үшін барлығы 173 тамақтандыру пункті ұйымдастырылды. Аштыққа ұшыраған көшпелі қазақ халқын ішінара азық-түлікпен жабдықтау асханаларда, балалар үйлері мен қабылдау орындарында және балабақшаларда жүргізілді, аштыққа ұшыраған аймақтағы 5 губернияда барлығы 225 466 бала аштық жағдайында болса, оларды тамақтандыру үшін 425 асхана ашылған. Балалар АКОК секциясының қарамағындағы 425 балалар үйіне және қабылдау орындарына орналастырылған.

Орынборда өткен Ашыққандарға көмектесетін комиссиялардың І бүкілқырғыздық (бүкілқазақтық) съезінде АКОК төрағасының орынбасары С.Д. Сергеев аштықпен күрес туралы баяндама жасады. Ол өзінің баяндамасында 1 048 100 шаршы верст аумақты құрайтын Орынбор, Ақтөбе, Орал, Қостанай, Бөкей губерниялары мен Адай уезінде 2 653 300 адамның



аштық құрсауында қалғанын жеткізді (Шілдебай, 2021: 147). КСРО-ны жайлаған аштықты тоқтатуға Кеңес өкіметінің аштарға көмек беру комитеті шамасы келмейтіндіктен амалсыздан капиталистік Еуропа және Америка елдерінен ресми түрде көмек сұрады. Көмекке АРА (Америкалық көмек әкімшілігі), Нансен комитеті, Халықаралық Қызыл Крест, Джойнт, Квакерлер деген әртүрлі діни немесе гуманитарлық ұйымдар келді. Міне осы ұйымдар ашыққан өңірлерде келісім шарт негізінде жұмыс істеп, азық-түлік, дәрі-дәрмек, киім-кешекпен қамтамасыз етті. Алғашқылардың бірі болып Герберт Гувер басқарған Америкалық көмек әкімшілігі АРА (American Relief Administration) көмек қолын созды. 1921 жылдың 20 тамызында АРА ұйымы Кеңестік Ресейге көмек беру келісім шартына қол қойды (Смағұлова, 2019: 130).

Ұйым жергілікті әкімшіліктің өкілдерімен бірлесе қызмет етті. Келісім бойынша АРА-ның қызметі ашыққан аудандарда жүргізілді. АРА ұйымы құрылымына қарай жұмысын Саратов, Уфа және Орынборда атқарды. Қазақстандағы ашыққан губерниялар осы үш жердегі базаларға бөлініп берілді. Мәселен, Орал губерниясын Саратовтағы АРА-ның базасы, Орынбор мен Ақтөбе губернияларын Орынбордағы базасы, Қостанай мен Ақмоланы Уфадағы базасы қамқорлыққа алды. Орынбордағы АРА-ның қызмет конторы жұмысын 1921 жылдың 13 қарашасында бастады (Смағұлова, 2019: 130).

Алғашқылардың бірі болып Герберт Гувер басқарған Америкалық көмек әкімшілігі АРА (American Relief Administration) көмек қолын созды. Қазақстанның солтүстік облыстары және Қостанай губерниясына АРА-ның Уфа әкімшілігінің азық-түліктері берілді. Бұл миссияны орындауға АҚШ әскерінің отставкадағы полковнигі Уолтер Лаймон Белл жетекшілік жасады. АРА-ның Уфа өңірі ел бойынша ең үлкені еді. Бұл жөнінде Белл қызметтік хаттарында бұл территорияны тұтас Франциядан үлкен, Польшадағы көмектен асып түседі деп жазатын. Америкалықтарға түсінікті болу үшін жергілікті жердің картасы да құрастырылды. АРА-нің іс-әрекеті ресми түрде 1921 жылдың күзінен басталды. Алғашқы кезде көмек дәрігердің тексеруінен өткен, аштыққа ұшырағаны дәлелденген 14 жасқа дейінгі балаларға берілді. Ал, 1922 жылдың маусымынан бастап балалар 10 625 құрғақ тамақ, ересектер 49 886 құрғақ тамақ алды (Прохоров, 2021).

Қостанай облыстық мұрағатындағы 1922 жылдың 4 қаңтарындағы құжатында былай дейді: «Қостанай АРА компаниясы қызмет көрсететін территория құрамына қосылған, қаңтар айында балаларды эвакуациялау үшін екі пойызды батысқа жіберуге ұсыныс жасалды. Балалардың өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында балаларды эвакуациялау мәселесін тездетуді көтерді» (ҚОМА. 620 қ. 2 т. 44 іс, 32 п).

1922 жылы 8 маусымда Қостанайға келген АРА өзіне белгіленген Қостанай, Федоров, Боровской аудандарында балалар асханасын ашу жұмысын бастады. Осы маусым айында олардың саны 30-ға жетіп 13 640 бала тамақтанды. Ал, шілде айында асхана ересек адамдарды да тамақтандыра бастады. 10 шілдеде балаларға 35 040, ересектерге 36 600 құрғақ тамақ жіберілді. 19 586 пұт әртүрлі азық-түлік келді (ҚОМА. 24 қ. 1 т. 128 іс. 77-95-п). Ақтөбе облысында 1922 жылдың қаңтар мен тамыз аралығында асханалардың саны 319- дан 527-ге дейін өсіп, онда тамақтанатын балалар 25 000- нан 89 718 адамға өскен. Ал ересек адамдар саны сәуір мен тамыз аралығында 138 000-нан 156 781 адамға өскен. 1922 жылдың 15 маусымда Орал губерниясында АРА ұйымы 65 979 балаларға, 180 313 ересектерге 190 асхана ұйымдастырды. Ал Бөкей губениясында осы маусымда ашыққандарға 45 000 құрғақ тамақ берілді. 1922 жылдың қыркүйек айынан бастап АРА-ның тұрғындарға арналған азығы қазақ елді мекендерде азая бастап, 1923 жылдың мамыр айында АРА ұйымы өз жұмысын тоқтатты (Козыбаева, 2022: 128).

Тағы да бір шетелдік діни «Квакер достары қоғамы» ашыққан губернияларға көмектесті. Қазақ жерінде квакерлер тек Қостанай губерниясында жұмыс істеді. Бұл ұйымның АРА-дан айырмашылығы жергілікті биліктен аштарға көмек жүргізудегі барлық шығындарды өздері көтерді. Бұлар аштыққа ұшырағандарға көмек беретін болыстық комитетпен бірлесе жұмыс істеді. Аудандарды өздері аралады. 14 маусымда Қостанайға «Квакер достары қоғамы» ұйымының өкілі келді. Олар өздеріне бөлінген Урицкий, Денисов және Адамовский, содан кейін Семиозерный аудандарында жұмыс істей бастады. 26 шілдеде квакерлік азық – түліктің алғашқы партиясы яғни – 28000 пұт ақ ұнның Адамов ауданына – 5617, Урицкийге – 6525, Денисовскийге – 14 654 пұт жіберілді. Маусым айында 70 546 құрғақ азықкелесідей бөлінді:



Адамовскийге – 15060, Урицкийге – 17406 және Денисовқа-38080. Барлығы 10 шілдеде квакерлер 45000 пұт ұн жеткізді (ҚОМА. 24-қ., п., 1-т., 128-іс, 77-95-п).

Аштыққа ұшыраған қазақ губернияларына Ватиканның католиктік миссиясы көмек көрсетті. Олар Орынборға 1922 жылдың қаңтар айының соңында келіп, Қазақстан территориясында 1922 жылдың наурыз айынан бастап Орынбор, Ақтөбе губернияларында өз жұмысын бастады. Католиктік миссия 1923 жылдың 1 сәуірінде 704 асхана ұйымдастырып, 124 400 адамды азықтандырды. Орынбор қаласы мен уездерінде гуманитарлық көмек ретінде 3 905 пұт дәрі-дәрмек пен киім таратылды. Орынбор губерниясындағы қазақ даласында Католиктік миссияның 207 асханасы жұмыс істеп, 1872 ересек адамды, 23 558 баланы тамақпен қамтамасыз етті. Орынбор қаласының өзінде 994 адамға арналған 5 асхана жұмыс істеді. Сонымен қатар 1923 жылдың 13 наурызы мен 1 мамыр аралығында аса мұқтаж адамдарға 846 құрғақ тамақ берілді. Бұл миссия жұмысын Орынборда 1923 жылы 20 маусымда аяқтады (Козыбаева, 2022: 122). Қазақ жеріндегі, Ресей жеріндегі аштыққа ұшырағандарға халықаралық жұмысшы комитеті көмектесті. Олар жұмысшыларға қайырымдылық ретінде құрғақ тамақ берді. Орынбор және Ақтөбедегі 13 балалар үйіне 1136 құрғақ тамақ беріп отырды. Ақтөбе қаласында Белгия коммунистік партиясының ұйымдастыруымен 100 жетімге арналған балалар үйі ашылды (Козыбаева, 2022: 129-131).

Қалалардан алыс өңірлерде ҚОАК ашыққандарға көмек беру бойынша Орталық комиссиясымен бірлесе жұмыс істеген ұйым Қызыл Крест болды. Әсіресе бұл ұйым алыс шалғайдағы қазақ ауылындағы көшпенді тұрғындарға керуенмен көмек жеткізді. Олар Орынбор, Ақтөбе, Қостанай, Орал және Бөкей губернияларындағы қазақ тұрғындарына азық-түліктік және медициналық көмек көрсетті. Азық-түлік жергілікті кеңестердегі ашаршылық комитетінің тізіміндегі аштарға таратылды. Көмек негізінен аяғы ауыр әйелдермен 14 жасқа дейінгі балаларға берілді (Козыбаева, 2022: 129-131).

Сонымен қатар норвек ғалымы Фриьоф Нансен негізін қалаған тағы бір шетелдік халықаралық «Нансен миссиясы» да көмек қолын созды. Мәселен ол қазақ жерінің барлық өлкесінде жұмыс істемесе де Орал губерниясында 1922 жылдың наурыз және 1923 жылдың тамыз аралығында жұмыс істеп, азық-түлік, дәрі-дәрмек берді (Гизатов, 2023: 304).

Орал және Бөкей губернияларында орын алған ашаршылықпен күреске өзге кеңестік республикалар да жұмылдырылды. 1921 жылы 31 тамызда Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің Ашыққандарға көмек беру бойынша Орталық комиссиясы арнайы ашаршылыққа душар болған аймақтарға жәрдемдесу мақсатында өзара көмек беру жоспарын бекітті. Бұл жоспарға сәйкес Орал губерниясына көмектесетін аймақ ретінде Украина мен Қырым, Бөкей губерниясы мен Адай уезіне Солтүстік Кавказ бекітілді (Гизатов, 2023: 304).

Кейін архив құжатынан көретініміздей бұл өзгерістерге ұшырап отырған. Бүкілресейлік орталық атқару комитетіндегі (ВЦИК) ашыққандарға көмек Орталық комитеті Президимумының 1921 жылдың 5 қарашадағы №25 хаттамасымен бекітілген жоспарда Орынбор мен Украина Ақтөбе, Ақмола, Бөкей мен Қостанай, Семей губернияларына, Адай уезіне Түркістан Республикасы бекітілді (Қазақстандағы ашаршылық, 2021:191).

Мысалы, Орал губерниясына Украина мен Қырымнан 1921 жылғы 1 желтоқсанға дейін 55 592 пұт азық-түлік, 408 дана заттар мен 2 108 сом қаржылай көмек келді. Сонымен қатар осы өңірлерден келген дәрігерлік-тамақтандыру топтары ашқан 7 асханада ашаршылыққа ұшыраған 7000 адам тамақтандыру мүмкіндігіне ие болған (Гизатов, 2023: 304).

Жалпы ашарлықпен күресуге мерзімді баспасөз саласы да көмек қолын созып, басылым арқылы бей-жай қарамайтын ел азаматтарына және Қазақстаннан тысқары жүрген қазақ зиялыларына да ой салды. Мәселен «Ақ жол» газеті Кеңес Одағы мен Қазақстандағы аштықтың қарқыны, аштықпен күрес барысы жайында мақалалар мен редакцияның мәліметтерін үзбей жариялап тұрды. Атап айтсақ «Ақ жол» газетінің 1922 жылғы 16 ақпандағы №143 санында «Ақ жолдың» бұл саны Қазақстандағы аштыққа арналады, - деп «Елін сүйген қазақ азаматтарына», «Серпілмеудің себептері», «Аштар жәрдемінде жүрген жолаушының жазып алғаны», «Аш қазақтарға көмек қалай болмақ?», «Ашыққандар үшін Ташкенттегі Қазақстан азаматтарының мәжілісі», «Америкадан тұқым», «Америкадан жүктің келуі», «Жалпы Россиялық кіндік атқару комитетінің жанындағы аштарға жәрдем беретін кіндік комиссияның бас құрамасының 31 желтоқсанда болған жиылысында төмендегі баяндамалар тыңдалған» (Ақ жол, 6/2015: 3-20) деген тақырыптарда материалдар берген.



Ашыққандарға көмектесетін орталық комиссия 1922 жылы 26 қыркүйекте таратылып, оның орнына Ашаршылық салдарымен күресетін Орталық комиссия құрылды. Ол Комиссия жұмысын 1922 жылдың 15 қазанында бастады. «ҚазОАК жанындағы ашаршылық салдарымен күрес жөніндегі орталық комиссия туралы ережеде» былай делінген: «1922 жылғы 27 қыркүйекте БОАК жанындағы Ашкөм ОК Пленумы бекітілген ашаршылық салдарымен күрес жөніндегі жергілікті комиссиялар туралы бекітілген ереженің негізінде қираған ауылдардағы мал шаруашылығын қалпына келтіруге жәрдемдесу және халықтың қамтамасыз етілмеген санаттарына, бірінші кезекте, ашаршылықтан зардап шеккен шеткері аймақтардағы балаларға көмек көрсету мақсатында БОАК жанындағы ашаршылық салдарымен күрес жөніндегі орталық комиссия құрылады» (Қазақстандағы ашаршылық, 2021:20).

Сонымен 1922 жылы 1 қарашадан бастап Ашаршылық салдарын жою бойынша губерниялық комитеттер (Губпоследкомгол) өз жұмыстарын бастады. Губернияларға қарасты уездерге ашаршылық салдарын жою бойынша уездік комитеттер (Упоследкомгол) құрылса, болыс, ауылдарда өзара көмек жөніндегі комитеттер жасақталды. Уездердегі ашаршылықпен күрес жұмыстарын үйлестіру Уездік үштік деп аталатын құрылымға тапсырылды. Орал губерниясындағы Ашаршылық салдарын жою бойынша комитеттің есебі бойынша 1922 жылдың қарашасында губерниядағы ашыққан адамдардың саны 125 165 адам, яғни халықтың 32% деп көрсетілген (Гизатов, 2023: 304-304).

Ал 1922 жылдың желтоқсан айындағы ашаршылыққа ұшыраған адамдардың саны 144 655-ке жеткендігін, халықтың 37%-ын құрағандығын көреміз (Гизатов, 2023: 307). Бұдан біз ашыққан адамдардың азаюынан гөрі керісінше оның күн сайын өскенін байқаймыз.

Жалпы аштыққа ұшыраған өлкелерде ауыл шаруашылығы дағдарысқа ұшырады. Адамдардың аштан, ауру-сырқаудан өлуі, өзге аймақтарға бас сауғалап босып кетуі мен егін егетін тұқымдық астықтың болмауынан егін егілмей қалып жатты. 1922 жылдың күзінен бастап ашаршылық салдарын жою бойынша губерниялық комитеттер келесі егін егу науқанына дайындалды. Ауыл шаруашылығынан бөлек аштыққа ұшыраған балалар мен ересек адамдарды тамақтандыру сол кезде де өзекті болды.

Осы 1922 жылдың 15 қазанындағы Қостанай аштықпен күрес жөніндегі Қостанай губерниясындағы төтенше комиссияның құрылуынан бастап, жұмысы тоқтатылатын күнге дейінгі В. Сукачтың мәліметін Қостанай облыстық архивінен таптық. Онда аштықтың салдары көрсетілген. Мәселен, аштықтан, эпидемиядан 37 461 адам өлді. Жылқысы жоқ 24 415 шаруашылық, мүлде малы жоқтар 6140, егінсіз қалғандар 4375, үйсіздер 4045, жетімдер 4195, жартылай жетімдер 11 188 болған. Тез арада көмекке мұқтаж аштар 30 347 қазақ, 29 147 орыс, барлығы 59 494 адам. Ашаршылықпен күрес кезінде 59 494 аш адамды қанағаттандыру үшін айына 32 721 пұт азық керек. Бұл сан 1923 жылдың астығы шыққанша 1 қаңтарға дейін екі есе өседі (ҚОМА. 670 қ. 1 т., 10 іс, 54-55 орам п.).

Қорытынды. Орталық және жергілікті билік органдарының 1921-1923 жылдардағы ашаршылықпен күресі аз зерттелген тақырыптардың бірі болып қала береді. Аштық Қазақстан тұрғындарына әсіресе жергілікті халыққа орны толмас зардаптар әкелді. Азаматтық қарсыласу кезіндегі соғыс, қуаңшылық, жұт, Еділ бойынан аштыққа ұшырағандардың қазақ жеріне қоныс аударуы, мемлекеттің азық-түлік салғырт саясаты үлкен демографиялық апатқа әкелді. Осы кезеңде Қазақстанда аштарға жәрдем ұйымдастыру комиссиясы барлық губерниялар мен уездерде құрылды. Комиссия қоғамдық тамақтандыру, жылу жинау, эпидемиялық ахуалмен күресу және шетелдік ұйымдармен бірлесе жұмыс істеу, жанталаса әлеуметтік, экономикалық өмірді қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізді. Бұл уақытта босқындар және ата-анасынан айырылған панасыз балалар мәселесі пайда болды.

Орталық және жергілікті билік органдарының 1921-1923 жылдардағы ашаршылықпен күресінің, қолға алған жоспарлы іс-шаралардың нәтижесінде миллиондаған адам тірі қалды, бірақ қазақтың демографиялық өсуін көптеген жылдарға тежеді. Кеңес өкіметі ресми түрде жағдай тұрақтанды деп асығыс шешім шығарып, аштықтың салдарымен күресетін комиссия құрғанымен Қазақстанның кейбір өңірлерінде 1924-1925 жылдары аштық қайталанып жатты. Бірақ Кеңес одағы бұдан сабақ алған жоқ. Уақыт көрсеткендей 1931-1933 жж. Қазақстанда тағы да аштық орын алып, 1921-1923 жылдардағыдан да асып түсті.



Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
ҚОМА – Қостанай облыстық мемлекеттік архиві

Әдебиеттер

- Ақ жол, 2015 – «Ақ жол». Көптомдық, 3-том. / Х. Есенқарақызы. Алматы: Қазақпарат, 2015. 380 б.
- Ақ жол, 2015 – «Ақ жол». Көптомдық, 6-том. / Х. Есенқарақызы. Алматы: Қазақпарат, 2015. 380 б.
- Байдалы, Кажимурадова, 2022 – Байдалы Р.Ж., Кажимурадова Ж. 1921-1922 жылдардағы Қостанай облысындағы ашаршылық / Қазақстан – менің Отаным = Казахстан – мое Отечество: Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл: жасампаздыққа толы жылдар және ұлттық жаңғырудың белестері: VII Респ. студ. ғыл.-тәжір. конф. материалдары. Қарағанды: «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, 2022. 299 б. Қазақша, орысша. 248-252 б.
- Боранбаева, 2021 – Боранбаева Б.С. Бөкей губерниясындағы ашаршылық (1920-1922 жж): себеп-салдары мен зардаптары / «Қазақстандағы XX ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. XX века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат.-ры. / Құраст. Құдайбергенова А.И., Қозыбаева М.М., Байдалы Р. - Алматы: Литера-М, 2021. 296 б. (127-135). Қаз., орыс.
- Гизатов, 2023 – Гизатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылық және оның зардаптары. Отан тарихы 2023.№26 (2). 303 б.
- Қазақстандағы ашаршылық, 2021 – Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1922. Сборник документов и материалов / Сост.:С.К. Шилдебай (отв.), З.М. Төлөнова, Г.М. Каратаева, Р.Е. Оразов, Б.Н. Орынбасар. Алматы: «Алматы-Болашақ», 2021. 1 том. 652 б.
- Қазақстан тарихы, 2010 – Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық.: Т 4. Алматы: Атамұра, 2010. 681 б.
- Қозыбаева, 2022 – Қозыбаева М.К. Участие иностранных организаций в помощи голодающим в 1921-1922 гг. в Казахстане / «1921-1922 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары: зерттеудің жаңа дереккөздері, мәселелері мен болашағы»: Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдар жинағы. Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2022. 242 б.
- Прохоров, 2021 – Прохоров И. Спасительный паек. Интервью Шалгимбеков А.Б.: / Казахстанская правда, 5 марта 2021 г.
- Смағұлова, 2019 – Смағұлова С. Ашаршылық қасіреті. 1-кітап. Алматы, 2019. 272 б.
- Шілдебай, 2021 – Шілдебай С.Қ. Аштық пен ауруға қарсы күрес (1921-1922 жылдар). Қазақстандағы аштық / 1920 жылдардың басындағы ашаршылықтың 100 жылдығына арналған дөңгелекестелдің материалдары = «Голод в Казахстане в 1921-1922 годах в отечественной и зарубежной научной литературе»: Материалы круглого стола, посвященного 100-летию голода начала 1920-х годов. / Құраст. М.М. Қозыбаева, А.Т. Капаева, А.А. Бекенова. Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2021. 158 б. Каз., рус.

Sources

State archive of the North Kazakhstan region (SANKR)
KRSA –Kostanai Regional State Archive.

References

- Ak zhol, 2015 – «Ak zhol». Koptomdyk. 3 tom. / X. Esenkarakyzy. Almaty: Kazakparat, 2015. 380 b. [In Kaz]
- Ak zhol, 2015 – «Ak zhol». Koptomdyk. 6 tom. / X. Esenkarakyzy. Almaty: Kazakparat, 2015. 380 b. [In Kaz]
- Bajdaly, Kazhimuratova, 2022 – Bajdaly R.Zh., Kazhimuratova Zh. 1921-1922 zhyldardagy Kostanaj oblysyndagy asharshylyk [Famine in Kostanay region in 1921-1922] / Kazakstan – menin Otanym = Kazakstan – moe Otechestvo: Kazakstan Respublikasynyn Tauelsizdigine 30 zhyl: zhasampazdykka tolyzhyldar zhane ulttyk zhangyruyyn belesteri: VII Resp. stud. gyl-tazhir. konf. materialdary. Karagandy: «Akademik E.A. Boketov atyndagyKaragandy universiteti» KEAK, 2022. 299 b. Kazaksha, oryssh. 248-252 b. [In Kaz]
- Boranbaeva, 2021 – Boranbaeva B.S. Bokej guberniyasyndagy asharshylyk (1920-1922 zhzh): sebeb-saldary men zardaptary [Famine in Bokei province (1920-1922): causes and consequences] / «Kazakstandagy XX gasyrdyn 30-shy zhzh. basyndagy asharshylyk zhane kazaktardyn korshiles aumaktarga mazhburli koshkony: zertteu maseleleri» = «Golod nachala 30-x gg. XX veka v Kazaxstane i vynuzhdennye migracii kazaxov na sopredel'nye territorii: problemy issledovaniya»: resp.-tazhirb. konf. mat-ry. / Kurast. Kudajbergenova A.I., Kozybaeva M.M., Bajdaly R. Almaty: Litera-M, 2021. 296 b. (127-135). Kaz., orys. 127-135 b. [In Kaz]



Gizatov, 2023 – Gizatov S.M. 1921-1922 zhyldardagy Oral zhane Bokej guberniyalaryndagy asharyshlyk zhane onyn zardaptary [Famine in the Ural and Bokei provinces in 1921-1922 and its consequences]. Otan tarixy 2023. №26 (2). 303 b. [In Kaz]

Kazakstandagy asharyshlyk, 2021 –Kazakstandagy asharyshlyk. Golod v Kazaxstane. 1921-1922. [Famine in Kazakhstan] / Sbornik dokumentov i materialov/ Sost: S.K. Shildebaj (otv.), Z.M. Telenova, G.M. Karataeva, R.E. Orazov, B.N. Orynbasar. Almaty: «Almaty-Bolashak», 2021. 1 tom. 652 b. [In Kaz]

Kazakstan tarixy, 2010 – Kazakstan tarixy. Kone zamannan buginge dejin. [History of Kazakhstan. From ancient times to the present]. Bes tomduk.: T 4. Almaty: Atamura, 2010. 681 b. [In Kaz]

Kozybaeva, 2022 – Kozybaeva M. Uchastie inostrannyh organizacij v pomoshhi golodayushhim v 1921-1922 gg. v Kazaxstane [Participation of foreign organizations in helping the starving in 1921-1922. In Kazakhstan.] / «1921-1922 zhyldardagy Kazakstandagy asharyshlyk zhane onyn saldary: zertteudin zhana derekkozderi, maseleleri men bolashagy»: Respublikalyk gylymi-teoriyalyk konferenciyanyn materialdar zhinagy. Almaty: Sh.Sh. Ualihanov atyndagy Tarih zhane etnologiya instituty, 2022. 242 b. [in Rus.]

Proxorov, 2021 – Proxorov I. Spasitelnyj paek. [Rescue pack] Intervyu Shalgimbekov A.B. / Kazaxstanskaya pravda, 5 marta 2021 g. [in Rus.]

Smagulova, 2019 – Smagulova S. Asharyshlyk kasireti [The scourge of famine]. 1-kitap. Almaty, 2019. 272 b. [In Kaz]

Shildebaj, 2021 – Shildebaj S.K. Ashtyk pen auruga karsy kures (1921-1922 zhyldar). Kazakstandagy ashtyk» [Fight against hunger and disease (1921-1922)] / 1920 zhyldardyn basyndagy asharyshlyktyn 100 zhyldygyna arnalgan dongelek usteldin materialdary = «Golod v Kazaxstane v 1921-1922 godax v otechestvennoj i zarubezhnoj nauchnoj literature»: Materialy kruglogo stola, posvyashhennogo 100-letiyu goloda nachala 1920-x godov. /Kurast. M.M. Kozybaeva, A.T. Kapaeva, A.A. Bekenova. Almaty: Sh.Sh. Ualihanov atyndagy Tarih zhane etnologiya instituty, 2021. 158 b. Kaz., rus. [In Kaz]



МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

«ОТАН ТАРИХЫ». 2023. № 26 (3).

ӘДІСНАМА – МЕТОДОЛОГИЯ – METHODOLOGY

<i>Сарқытқан Қ., Мәсімханұлы Д.</i> ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ ЖӘНЕ ДИАСПОРА МӘСЕЛЕСІ: ГЕОСАЯСИ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМУ ТҮРҒЫСЫНАН.....	438
--	-----

ТАРИХ – HISTORY – ИСТОРИЯ

<i>Орынбаева Г.У.</i> ДИСКУССИИ В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ О ВОССТАНИИ 1916 г. В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: СОЗДАНИЕ МИФА.....	454
<i>Abdrakhmanova K.H., Konkabayeva N.N., Ali Ali Ali Ahmad Shaban (Egunem).</i> HISTORY OF THE STUDY OF MEDIEVAL TURKIC WRITTEN MONUMENTS.....	469
<i>Байдалы Р.Ж., Құдайбергенова А.И.</i> ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БІЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСІ.....	479
<i>Vitakanova Z.Sh., Mukanova G.K., Muminov A.K. (Турция)</i> SYMBIOSIS OF SPIRITUAL AND SECULAR FORMS OF CENTRAL ASIAN EDUCATION IN THE HISTORY OF THE TWENTIETH CENTURY.....	495
<i>Жетпісбай Н.Ы., Жанғалиев Ұ.Қ.</i> 1868 ж. «УАҚЫТША ЕРЕЖЕ»: РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ САТЫСЫ.....	511
<i>Michal Pedracki (Польша), Khasseanova Zh.O., Jizenaliev Y.K.</i> ADAPTIVE FACTORS OF THE FORMATION OF THE POLICH DIASPORA IN KAZAKHSTAN IN THE XIX-XX CENTURIES.....	523
<i>Бекенова А.А., Қозыбаева М.М.</i> 1921-1922 ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ АРА ҰЙЫМЫНЫҢ КӨМЕГІ.....	536
<i>Sultangazy G.Zh., Nurbayev Zh.Ye., Kishibayeva S.B.</i> URBANISM OF KAZAKHSTAN OF THE XIX-XX CENTURIES THROUGH THE PRISM OF PHOTO SOURCES.....	554
<i>Қабдолдина К.Қ.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ИСЛАМ ТАРИХЫ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДА.....	567
<i>Набиолла Н., Ошан Ж.</i> ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ: АБЫЛАЙ ХАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРИХИ ЖЫРЛАР МЕН АҢЫЗДАР.....	582
<i>Капаева А.Т.</i> ГОЛОД 1921-1923 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ И РЕГИОНАХ РОССИИ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....	594
<i>Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т.</i> СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1946-1970 ж.ж.).....	606
<i>Zhutanbayev D.N., Ayagan B.G., Kara A. (Турция)</i> HISTORY OF THE FORMATION OF THE LEGAL BASIS OF TRANSITION TO THE MULTIPARTY SYSTEM IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 1980S - FIRST HALF OF THE 1990S.....	618
<i>Гривенная Л.А., Бекишев Р.А.</i> ТАЙНА СПИСКА «232-х»: СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ ЖЕРТВ ВОССТАНИЯ 1921 ГОДА НА ОСНОВЕ ЧАСТОТНОГО И ГРАФИЧЕСКОГО АНАЛИЗА.....	632

**АНТРОПОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АРХЕОЛОГИЯ –
ANTHROPOLOGY. ETHNOLOGY. ARCHAEOLOGY**

<i>Талеев Д. Ә.</i> ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ СЫРДАРІЯ БОЙЫНДАҒЫ РУХАНИ ОРТАЛЫҒЫ.....	650
<i>Белтенов Ж.</i> ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ МАГИЯ: КОНЦЕПТУАЛДЫ ҰҒЫМДАРЫ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ҚАЗІРГІ КЕЛБЕТІ.....	662



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
